



SAGINOV
TECHNICAL
UNIVERSITY
1953

пән атауы: АТКЖ ТАУ ЖЫНЫСТАРЫН
ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ ҚОЙМАЛАУ ПРОЦЕСТЕРІ

тақырып: КОНВЕЙЕР КӨЛІГІ КЕЗІНДЕ АРШЫМА
ЖЫНЫСТАРДЫ ҮЙІНДІЛЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

6B07202 – «Тау-кен ісі» білім беру бағдарламасы

Автор: ассоц.проф., PhD Зейтинова Шолпан Бекжигитовна


Тау жыныстарын ленталық конвейермен тасымалданғанда үйінділеу консолдық ленталық үйіндіжасағыштармен жүргізіледі.

Консолдық ленталық үйіндіжасағыштарды қолданып үйінділеу процесі төмендегідей негізгі операцияларды енгізеді: тау жыныстарын үйіндіге қабылдау, тасымалдау және төгу, үйінді бетін тегістеу және ленталық конвейерін жылжыту.

Консолдық ленталық үйіндіжасағыштарды қолданып үйінділеу процесі төмендегідей негізгі операцияларды енгізеді: тау жыныстарын үйіндіге қабылдау, тасымалдау және төгу, үйінді бетін тегістеу және ленталық конвейерін жылжыту.

Технологиялық үйінді жабдығы магистралдық конвейерді, ленталық үйінді конвейерді және үйінді конвейерінен тау жыныстарын қабылдап үйіндіге төгетін консолдық ленталық үйіндіжасағышты енгізеді.

► Үйіндіге тау жыныстарын бір және екі қабатқа төгуге болады. Екі қабатты үйінділерде алдымен төменгі қабат, ал артқа қарай жүргенде жоғарғы қабат толтырылады. Үйінді толмасы үйінді консолын горизонталь жазықтықта бұру арқылы толтырылады. Консолдық ленталық үйіндіжасағыштарды қолданғанда жұмыс бағыты веерлік және параллельдік схемалармен дамиды. Үйінді беттері бульдозермен тегістеледі, ал ленталық үйінді конвейерлері турнодозерлермен жылжытылады (сурет 10.1).



Сурет 10.1 - Консолдық үйіндіжасағыш

Консолдық ленталық үйіндіжасағыштармен салынған үйіндінің биіктігі тау жыныстарының физикалық-механикалық қасиеттеріне және үйіндіжасағыштың сызықтық параметрлеріне байланысты болады да, екі қабатты үйінді үю кезінде құрғақ және ылғалды жұмсақ тау жыныстары үшін 50-60 және 35-40 м-ге сәйкес болады.

Үйінді толмасының ені үйіндіжасағыштың сызықтық параметрлеріне және тау жыныстарының орнықтылығына байланысты болады да мына формула бойынша анықталады

$$A_{\text{ү}} = L_{\text{ж}} - b, \text{ м}$$

мұндағы $L_{\text{ж}}$ - үйіндіжасағыш жебесінің шығуы, м; b - үйіндіжасағыш қабатының жоғарғы жиегіне дейінгі қауіпсіз ара қашықтық, м.

► Үйінділеу жұмыстарын қауіпсіз жүргізу үйінді қабаттары беткейінің орнықтылығына айтарлықтай байланысты болады. Сондықтан, беткейдің қа жетті тұрақтылығын қам та масыз ететін үйінді қабатының биіктігі әрбір карьер үшін жеке, аршыма таужыныстарының физи калық-механикалық қа сиеттеріне және үйін ділеу жұмыстарының меха ни ка ландыру әдістеріне қарай анықталуға тиісті. Үйінді қабатының жобалық биіктігін дәлелсіз негіздеулер арқылы ұлғайтуға болмайды.

► Үйіндінің орнықтылығына таужыныстарын үю тәртібі де елеулі әсер етеді. Үйінді табанына орнықты және жеңіл құрғайтын таужыныстарын төккен жөн. Ондай таужыныстары болмаған жағдайда үйінді табанына тесілген керамикалық немесе темір құбырларын төсеп, оларды ағаш бұтақтарымен жауып, содан соң оның бетіне жартасты таужыныстарын үю керек.

► Үйіндінің бетіне су жиналмас үшін және үйіндіні опырылудан сақтау мақсатында сулардың одан уақтылы ағуын қамтамасыз ететін қажетті пішінге келтіреді. Үйінді қабаттарының беткейлерімен түсуге және көтерілуге рұқсат етілмейді, сонымен қатар оның төменгі баурайында тұруға болмайды. Думпкарлардан таужыныстарын төгу кезде адамдарға одан 5м-ден артық қашықтықта ғана тұруға рұқсат етіледі. Думпкарларды төгу пойыз толық тоқтағаннан және үйінді баурайында адамдар мен жабдықтардың жоқтығына көз жеткізілгеннен кейін жүргізілуге тиісті. Таужыныстарын, думпкарлардан төгу, тек қана рұқсаты бар жұмысшыларға жүктеледі. Түнде автосамовалдар мен думпкарларды төгуге және оларды тазартуға жұмыс орны жеткілікті жарық болғанда ғана рұқсат етіледі. Пойызды үйінді тұйығына бағыттар алдында төгу алаңындағы жолдың жарамдылығын тексереді және маңайдағы адамдарға қауіпсіз болуын қарастырады.

Бақылау сұрақтары

1. Консольді үйінді салғыштардың көмегімен үйінді салу;
 2. Үйінділік кемерлердің сырғуы мен опырылуын ескеретін шаралар;
 3. Үйіндінің профилін анықтайтын факторлар.
- 
- A series of four parallel white diagonal lines in the bottom right corner of the slide, slanting upwards from left to right.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Автордың аты-жөні	Оқу-әдістемелік әдебиеттің атауы	Баспа, шығарылған жылы
Негізгі әдебиет		
Зейтинова Ш.Б.	Ашық тау-кен жұмыстарының процестері: оқу құралы	Қарағанды: «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ баспасы, 2023. – 99б
Құлнияз С. С., Букейханов Д. Г.	Аршықтағы тау жыныстарын алуға даярлау және тиеу : оқулық	Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2014. - 134 б.
Бегалинов Ә., Жайсаңбаев Н.А., Зұлқарнаев Е.С., Қалыбеков Т., Сәндібеков М.Н.	Ашық тау-кен жұмыстарының технологиясы	Алматы: «Экономика» баспасы, 2014 – 296 бет.
Рақышев Б.	Ашық тау-кен жұмыстарының технологиялық кешендері	Алматы: ЖШС РПБК "Дәуір", 2015. – 328 б.
Қосымша әдебиет		
Репин Н.Я., Репин Л.Н.	Процессы открытых горных работ: Учебник.	М.: Издательство «Горная книга», 2015. — 518 с.: ил. ISBN 978-5-98672-378-5
Репин Н.Я., Репин Л.Н.	Процессы открытых горных работ. Часть 3. Перемещение и складирование горных пород: Учеб. пособие.	М.: Издательство «Горная книга», 2014. — 221 с.

Назарларыңызға рахмет!

